Жақсының аты өлмейді...

Шежірелі Шет өңірінің қасиетті топырағынан тамыр тартқан өмір көшінде керуеннің нар арқалар жүгін көтеріп, ел мүддесі үшін күш-қуатын, ой-санасын сарп еткен бүгінде мәңгілік мекеніне жайғасқан талай аптал азаматтар мен ақын-жазушылар, күйшілер, өнерпаздар өңірде молынан болған.

Солардың бірі, һәм бірегейі сазгер, күйші, сырнайшы, әнші, актер, суретші, КСРО-ның Еңбек ардагері, өнерді өрге тартқан Ыбыжан Төлегенұлы еді. Әкесі - Төлеген Жұмағұлов ҰОС ардагері, колхозда басқарма, Нұраталды совхозында «Аққияқ» бөлімшесін басқарған. Жүйрік ат ұстап, баптап, бәйгеге қосып, аудан көлемінде аты шыққан атбегі болған. Баласы Ыбыжанды жастайынан домбыраға баулыған.



# Өнерді өрге тартқан Ыбыжан еді

Ыбыжан Ақсу-Аюлы ауылында 1939 жылдың 17 желтоқсанында дүниеге келген. Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектеп қабырғасында оқып жүріп жастайынан бірінші сыныптан бастап, баян тартып, күй шерткен. Ыбыжанның өнерге деген құштарлығын Шет ауданының ғасыр жасаған ақсақалы, ұлағатты ұстаз Шәукей мұғалім естелігінде: «... тағы бір шәкіртім Төлегенов Ыбыжан тым жас кезінен бастап домбыра тартты, баян ойнады. Ауданның айтулы азаматы болды. Кейінірек мәдениет бөлімінде «Ақсу-Аюлы ансамблінің жетекшісі болып, ауданның ұлт оркестрін құрды, мен қазір мақтансам солармен мақтанамын» деп жазған еді.

Ыбыжан 1958 жылы орта мектепті үздік бітіріп, өнер әлемінде білімін жетілдіру мақсатында Алматыдағы музыкалық училищенің арнайы курсына түсіп, баянист мамандығын алып, аудан бойынша ең алғашқы кәсіпқой баянист-сырнайшы атағына ие болды.

Ыбыкеңнің еңбек жолы 1958 жылдан бастап Шет аудандық Мәдениет үйінің 1971-1972 жылдары басшысы және өмірінің соңына дейін (2000 ж.) «Ақсу-Аюлы» ән-би ансамблінің көркемдік жетекшісі болып абыройлы қызмет атқарды.

«Ақсу-Аюлы» ән-би ансамблі 1975 жылы құрылып, оның репертуарын молайтуға және биік деңгейге көтеру мақсатында Алматыдан арнайы әнші-композитор Әсет Бейсеуов пен ақын Саттар Сейтқазин шақырылғанды. Бірге қоса келген баянист музыканы нақышына жеткізе алмай тұрған кезінде, Ыбыжан баянды ала салып, ойнай жібергенде Асет Бейсеуов: «құдай-ау, мұнда мықты баянист бар екен қой, Бутенконы неге әуре қылдық»- деген екен.

Ыбыжан Төлегенұлы, ауданның мәдениет бөлімінің басшылары: Ермек Мұстафин, Сайран Түсіпбеков, Забира Алкеев, Төлеубай Әбдіғалиев, Зәрубай Сүйіндіков, Шәкен Маясарова, Рымқұл Телпекбаев, Қайыргелді Күлейменов, Гүлшара Ахметова, ауданның өнерпаздары: Мара Медеуова, Күміс Қасымбекова, Света Қаппарова, Сарқыт Мағрамова, Күлайша Ермекова, Бақыткүл Өтегенова, Төлеген Сапаров, Мұғаз Омаров, Амантай Рашитовтармен бірге, қоян-қолтық жұмыс істеп, табысты еңбек атқарып, аудан халқының зор ризашылығы мен алғысына бөленген айтулы өнер иесі болды.

Шет аудандық мәдениет үйінің жанынан құрылған драмалық үйірменің дайындауымен 1978 жылы Жезқазған қаласында Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» спектаклі қойылып, халық театры атағын қорғап алуға да Ыбекең аянбай өнерін қосты. Әділ қазы мүшелері Асанәлі Әшімұлы, Әзірбайжан Мәмбетов әр образдарды сомдағандарды бағалап, Ыбыкеннің Жантықтың рөлін жоғары деңгейде сахнада сомдағаны үшін «Мынау, нағыз Жантық қой» деп құрметтерін білдірген еді.

Ыбыжан Төлегенұлы аудандық халық театр қойылымдарында ойнаған кейіпкерлер өз қалпындағы болмысымен, шыншылдығымен, табиғи қалпында қалып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленген. «Театр заман айнасы» екенін айта отырып, көптеген драмалық комедиялық тақырыптағы қойылымдарда Ыбыкең басты рольдерді сомдаған, олар:

- жазушы драматург С.Жүнісовтің «Ажар мен ажал», «Қыргүлі» алғашқы спектаклі;
- О.Бодыковтың «Қанжар мен Домбыра», «Құдалар» (1979 ж);
- Б.Тәжібаев «Түрмеден қашқан» пьесасында военкомның рөлі;
- М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» спектаклінде Жапаның рөлі;
- Ә. Әбішов «Мәди» спектаклінде Атамановтың рөлі (1984 ж.)
- С Жүнісов «Қысылғаннан қыз болдым» пьесасында совхоз директорының рөлі (1984 ж) т.б. қысқа қойылымдарда рөлдерді сомдаған.

Ыбыжан Төлегенұлының репертуары бай болған, шырқалған әндері жан дауыспен баян, домбырамен сүйемелдеуімен қатар шетел композиторларының шығармаларына жазылған попурилер, төкпе күй «Балбырауын», «Адай» өте керемет шабытпен орындаған. Әсіресе, Тәттімбеттің күйі «Көкейкесті», М.Хамзиннің «Қосбасары» күйлерін бірнеше түрлерін тыңдарманға жеткізе орындап, бір серпіліп тастайтын.

Ауданның алғашқы сазгерлердің бірі Зәрубай Сүйіндікұлының «Ақсу-Аюлы-жыр мекені», Тезекбай Амандықұлының «Сағыныш» өлеңдерін Ыбыкен, әнге салып берген. «Ақсу-Аюлы-жыр мекені» әр сахнада алғашқы орындалғанда халық сүйсіне қабылдап, кейін осы ән «Ақсу-Аюлы» ән-би ансамблінің гиміне айналды.

Ыбыкең соңынан ерген ауданның жастарын өнерге баулап, домбыра мен баянды ойнау шеберлігін шыңдап үйретіп, кіндік қаны тамған туған жерге, ауылына деген сазды сезімін әнімен жеткізіп, үлгі алар талай жастарға тәлімгер аға, ұлағатты ұстаз бола білді. Тұла бойы тұнып тұрған ән мен күйге толған нағыз қазақтың өнерпазы еді.

Ыбыжан замандасының өмірден озғанына да ширек ғасырға жуық уақыт болып қалды. Саналы ғұмырын 1965 жылы Минскінің пединститутының «Кітапхана ісі» бөлімін бітіріп, арнайы жолдамамен ауданға келген Белорусқызы Татьяна Павловнамен шаңырақ көтеріп, қол ұстасып, думандатып, аудан тұрғындарының алдында қалтқысыз еңбек атқарды. Өкініштісі-артында ұрпағының жоқтығы.

Ыбыжан Төлегенұлының ұзақ жылдар бойы өнер саласындағы еңбегі аудандық, облыстық және республикалық деңгейде әр жылдары бағаланып, бір азаматтың бойына жетерліктей марапаттар мен сый-құрметке ие болды. Ыбыжан Қарағанды, Жезқазған облыстарында өнер саласында бірнеше дүркін лауреат аталып, көптеген диплом мен Құрмет грамоталарымен марапатталған. 1989 жылы ұзақ жылғы адал еңбегі үшін КСРО-ның Еңбек ардагері атанды. Ең басты марапаты аудан халқының Ыбыжанға деген алғысы мен шексіз ризашылығы.

Ауданның мәдениет саласында өнерімен туған еліне 40 жылдан астам аянбай тер төгіп, өнер жолында бар өмірін арнаған ауданымыздың тумасы сазгер, әнші, күйші, актер КСРО-ның Еңбек ардагері Ыбыжан Төлегенұлының есімін жадымызда мәңгі сақтау үшін, кейінгі жастарға тәрбие-үлгі болу мақсатында аудан әкімі М. Мұхтаров пен мәдениет бөлімінің басшысы С. Ахмедияға аудандық мәдениет үйіне Ыбыжан Төлегенұлының атын берсе деген сауалымызды жеткіземіз.

Бұл мәселенің оң шешілуіне облыс денгейдегі лауазымды азаматтар мен құзырлы орындар атсалысып, қолдайды деген сенімдеміз.

Боранбай ЖҰМКИН,
Шет ауданының Құрметті азаматы
«Құрмет» орденінің иегері.